

Хаттама

Қатысушылар: Жас мамандар

Зерттеу түрі: сауалнама

Мақсаты: жас мамандардың кәсіптік бейімделуін анықтау.


Мерзімі: қазан

Қатысушылар саны: 11

Жас мамандардың кәсіптік бейімделуін анықтау мақсатында сауалнама алдынды. Сауалнамаға барлығы 11 жас маман қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша жас мамандардың барлығы педагогикалық жұмысқа саналы келген. Таңдаған мамандықтарына сай жұмыс атқаруда. Барлық жас мамандарға тәлімгерлер бекітілген. Педагогикалық қызметте жас мамандардың мұғалім жұмысына деген көзқарасы жақсы жағына қарай өзгерген. Алдағы уақытта еңбек жолында педагогикалық маңсаптарының дамуына талпынатындықтарын білдірді. Жалпы сауалнама қорытындысы бойынша жас мамандар педагогикалық ұжымға бейімделген.


Қызметіңіз

11 ответов




Педагогикалық жұмысқа Сіз қалай келдіңіз?

11 ответов



Сіз жұмысты қалай іздедіңіз/таптыңыз?


11 ответов



- бітірген жоғары оқу орнынның жолдауымен
- аудандық, қалалық білім бөлімдерінің жолдауымен
- өз еркіммен іздедім
- достарымның/әріптестерімнің ұсынымдары арқылы вакансия таптым
- мектеп әкімшілігі шақырды

Сізде тәлімгер-мұғалім бар ма?


11 ответов



- иә, және оның көмегі тиімді
- жоқ, бірақ ол маған керек
- жоқ, мен оған мұқтаж емеспін
- иә, бірақ оның көмегі тиімсіз

Өзіңіздің жеке педагогикалық қызметіңізден кейін Сіздің мұғалімнің жұмысына деген көзқарасыңыз өзгерді ме, егер өзгерсе қалай?


11 ответов



- өзгерген жоқ
- жақсы жағына қарай өзгерді
- жаман жағына қарай өзгерді
- жауап беруге қиналамын


Өзіңіздің мектептегі жұмысыңыздың сапасына қаншалықты көңіліңіз толады?

11 ответов




Сіз мектеп тәжірибесінде қандай проблемалармен жиі кездесесіз:

11 ответов



Мектепте жұмыс істеу кезінде Сіз жоғары оқу орнында алған біліміңіздің тәжірибелік пайдасын жалпы қалай бағалайсыз?

11 ответов



№ 69 жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызметі

ХАТТАМА № _____

Тақырыбы: Жасөспірімдердің суициалды мінез-құлқы

Мақсаты: суициалды мінез-құлқы бар оқушыларды қалай анықтау

Қатысқандар: Мектеп ұжымы



2021 жылдың 11 желтоқсан айында «Жасөспірімдердің суициалды мінез-құлқы» тақырыбында баяндама оқылды. Мектеп психологы Саин А.Ғ. статистикалық мәліметтерге сүйене отырып Қазақстан Республикасының жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсау кең етек алып бара жатқанын айтып өтті. Жасөспірім шақтағы өз –

өзіне қол жұмсауға қандай факторлар итермелейтінін ашып көрсетті. Мектеп тарапынан жасөспірімдерге қандай қолдау көрсетуге болады, олармен қай бағытта жұмыстар атқарылатынына тоқтала кетті. Мектеп психологы Саин А.Ғ. психикалық денсаулық күйі оқушының күнделікті өмірде қалай ойланатынына, нені сезетініне және қалай әрекет ететініне байланысты анықтамаларды айтып өтті. Сонымен қатар



тәуекел топты анықтаудағы мектеп қызметкерлерінің әрекетіне тоқталды: «егер біз ешқандай қызығушылықтың нышаны байқалмаса, сабақ үлгерімі төмендеп, көзінен үмітсіздік байқасаңыз дереу әрекетке көшіңіз. Оған маман тарапынан көмек көрсетем дегенше оған қамқор болыңыз. Әңгімелесуге, оның мәселесін шешуге болатынына, тіпті арнайы мамандардың қызметтерін білетініңізді айтыңыз. Дұрыс сұрақтар қоя біліңіз. Өмір сүрудің керемет жақтарын айтып, оның өмірге деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал жасаңыз. Сонымен қатар егер мұғалім тәуекел топтағы оқушыны анықтасаңыз, оған көмек көрсетуден бас тартпаңыз. Сіз оның өмірін сақтап қалуыңыз әбден мүмкін», деп сөзін аяқтады.


Хаттама

Тақырыбы: «Класс жетекші – тәрбие жұмысының негізгі ұйытқысы»

Мақсаты: класс жетекшілермен бірге тәрбие жұмысындағы кейбір проблемаларды шешу жолдарын қарастыру

Қатысушылар: класс жетекшілер

2022 жыл 22 қаңтар күні №69 жалпы білім беретін орта мектебінде "Класс жетекші- тәрбие жұмысының негізгі ұйытқысы" тақырыбында мектепшілік семинар жұмысы ұйымдастырылды. Класс жетекші жұмысының диагностикасы, психолог және әлеуметтік педагог жұмысымен бірлескен әрекеттер, құжаттамалық тексеру т.б жұмыстар кеңінен талқыланды. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Ж. Рахметова мен әлеуметтік педагог А. Советова, мектеп психолог А.Саин аталған мәселелер төңірегінде ой өрбітіп, нақты ақпараттар берді. Класс жетекшілер ӘБ жетекшісі А. Ж Жумашева түрлі тренингтер ұйымдастырып, семинар жұмысын қорытындылады.



Хаттама

Тақырыбы: «КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ – ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК»

Мақсаты: жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Қатысушылар: жас мамандар

2022 жылдың 13 наурыз күні жас мамандарға тренинг өткізілді. Тренинг жас мамандардың “Танысу сәтімен” басталды. Жас мамандар топқа бөлініп, бірігіп жұмыс жасап, әр топ жағдаяттан жол тауып шығатын ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Келесі жұмыс арт-терапиямен жалғасын тауып, жас мамандарға “Сіз қандай мұғалімсіз?” жалпы диагностикалық психогеометриялық тест жүргізілді. Тренинг соңында жас мамандар алғыстарын білдіріп, ерекше әсермен, керемет көңіл-күймен тарқасты. Бүгінгі жас маман – ертеңгі ұлағатты ұстаздардың орнын басатын, олардан үлгі алатын, шәкірттердің сүйікті ұстазына айналатын тұлға.

